

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



**«ЕСЕП, АУДИТ ЖӘНЕ ТАЛДАУ: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ, ТЕНДЕНЦИЯЛАР ЖӘНЕ
ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ»**

тақырыбы бойынша э.ғ.к., доцент, ҚР білім беру үздігі, «2011-жылдың үздік оқытушысы» грантының иегері, ҚР халықаралық "Болашақ" стипендиясының иегері, тәуелсіз аудитор, кәсіби бухгалтер, ҚР аудиторлар палатасының мүшесі, «Есеп, аудит және талдау» кафедрасының жетекшісі АЛИБЕКОВА Б.А. 60 жылдық мерейтойына орай ұйымдастыралған G-Global ақпараттық-коммуникативтік интернет алаңындағы халықаралық On-line конференциясының

ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК ТРУДОВ

**международной On-line конференции на базе коммуникативной площадки
«G-global»**

**«УЧЕТ, АУДИТ И АНАЛИЗ: МЕЖДУНАРОДНАЯ ПРАКТИКА,
ТЕНДЕНЦИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ»**

посвященной 60-летию к.э.н., доцента, отличника образования РК, обладателя гранта «Лучший преподаватель 2011 года», обладателя международной степени Президента РК «Болашақ», независимого аудитора, профессионального бухгалтера, члена Палаты аудиторов РК, заведующего кафедрой «Учет, аудит и анализ» АЛИБЕКОВОЙ Б.А.

PROCEEDINGS

**of the international On-line conference
in the frame of communicative platform «G-global»
«ACCOUNTING, AUDITING AND ANALYSIS: INTERNATIONAL
PRACTICE, TRENDS AND DEVELOPMENT PROSPECTS**



Астана, 2017

ӘОЖ 657
УДК 657
ББК 65.053
Е 79

«Есеп, аудит және талдау: халықаралық тәжірибе, тенденциялар және даму перспективалары» G-Global ақпараттық-коммуникативтік интернет алаңындағы халықаралық On-line конференциясының еңбектері - Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2017.- 563 б.

Труды международной On-line конференции на базе коммуникативной площадки «G-global» «Учет, аудит и анализ: международная практика, тенденции и перспективы развития», Астана: Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, 2017.- 563 с.

Proceedings of international On-line conference in the frame of info-communicative platform “G-global” on “Accounting, auditing and analysis: international practice, trends and development prospects”, - Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2017.- p.563.

Редакция алқасы:

МАҚЫШ С.Б. – төрағасы, э.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ экономикалық факультетінің деканы

БАКИРБЕКОВА А.М. – э.ғ.к., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ экономикалық факультетінің декан орынбасары

НУРХАЛИЕВА Д.М. – э.ғ.к., доцент, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Есеп, аудит және талдау» кафедрасының доценті

ТУРЕБЕКОВА Б.О. – э.ғ.к., «Есеп, аудит және талдау» кафедрасының доцент м.а.

БЕЙСЕНОВА Л.З. – э.ғ.к., доцент, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Есеп, аудит және талдау» кафедрасының доценті

ISBN 978-601-301-945-1

ӘОЖ 330.3

УДК 330.3

ББК 65.052

С 23

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2017

© Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, 2017

лизинг ретінде көрініс табуы мүмкін. 17 ХҚЕС-та көрсетілгендей, мұндай жағдай, мысалы, лизингке берушінің жойылу құнынан пайдасы лизингке алушымен байланысты емес тараппен кепілдендірілетін жағдайда пайда болады. Осылайша, кепілдік берілген және кепілдік берілмеген жойылу құны лизингтің есептілікте көрсетілуіне әсер етеді.

Бұл жерде жойылу құны мен мәжбүрлі сату кезіндегі құн экономикада келесі жағдайларда анықталады: мысалы, кепіл затының құндық параметрлерін анықтау үшін тәуелсіз бағалаушылардың есептерінде келтірілген бағалау мәндерінің шынайылығын бақылау кезінде кәсіпорындар мен банктердің несиелік және кепілдік бөлімшелерімен анықталады. Нәтижесінде компаниялардың көпшілігі меншікті негізгі құралдарының жойылу құны мен мәжбүрлі сату кезіндегі құнын өздері кепілдерді жоспарлау, бағалаушылардың қателіктерін болдырмау мақсатында анықтауға мәжбүр. Бұл жерде қазақстандық есеп нысанындағы лизинг есебінде жойылу құнын пайдалану талап етілмейді, ол кәсіпорынның қаржылық жағдайының және ресейлік стандарттармен жасалған оның қызмет нәтижелерінің елеулі өзгерістеріне алып келеді. Ал ең бастысы, әлеуетті және қолданыстағы инвесторлар мен несие берушілерге, мемлекеттік органдар мен отандық компаниялардың тұтынушыларына болашақ ақша ағындарын болжау мүмкіндігін бермейді [6].

Қорыта келгенде, ХҚЕС талаптарының баламалығына жету жоспарында қазақстандық есепте лизинг есебінің көрсетілу ережелеріне өзгерістер енгізуге дейін кәсіпорындар лизинг операцияларының нәтижелерін ХҚЕС бойынша басқару есебінің мақсаттары үшін есептеуін дұрыс деп есептейміз. Кез келген компания, сонымен қатар оның кредиторлары лизинг операциялары бойынша қандай сомалар өтетіндігін білуі тиіс, лизингті дұрыс жіктей білуі қажет және өзінің қызметі нақты жоспарлау үшін жойылу құнындағы өзгерістерді тұрақты бақылап отыруы тиіс. Бұл ретте лизингтің барлық операцияларын қаржылық лизинг ережелері бойынша қажетті жағдайларда операциялық лизинг ережелерін пайдаланумен қатар есептеген дұрыс деп есептейміз.

Әдебиеттер:

1. Тулешева Г.К., Исабаева Б.З., Салина А.П. Бухгалтерский учет и аудит операций по финансовому лизингу // Бизнес-класс. – Алматы, 2001. – № 4. – 2-8б
2. Дүйсенбаев К.Ш., Төлегенов Э.Т., Жұмағилиева Ж.Г. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау. Оқулық - Алматы: Экономика, 2001.
3. Толпаков Ж.С. Бухгалтерлік есеп I. Оқулық - Қарағанды: Қарағанды полиграфиясы, 2009.
4. 17-шы «Лизинг» Халықаралық Қаржылық Есептіліктің Стандарты (IAS 17) - <http://www.minfin.gov.kz>
5. Толпаков Ж.С. Бухгалтерлік есеп II. Оқулық - Қарағанды: Қарағанды полиграфиясы, 2009.
6. Назарова В.Л. Шаруашылық жүргізуші субъектілерді бухгалтерлік есеп. Оқулық. - Алматы: Экономика, 2005.

ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ ОПЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕБІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Успамбаева М.К., Жуматаева Б.А.

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ,
Қазақстан Республикасы
E-mail: otk2108@mail.ru*

Андатпа. Жер қойнауын пайдалану операцияларының есебі **GAAP** - американдық жалпы қабылданған бухгалтерлік есептің принциптеріне сүйене отырып мұнай, газ компаниялары апстрим (қорларды барлау және өндіру) операцияларына және сирек

жағдайларды даунстрим (тасымалдау және өткізу) операцияларына қатысады. Бұл кезеңде барлық шығыстар екі әдіспен есептеледі:

1. нәтижеге бағытталған шығыстар әдісі;
2. толық шығыстар әдісімен.

Түйінді сөздер: апстрим, даунстрим, лицензия, дәлелбеген қорлар, дәлелденген қорлар, қорлар құқығы, капиталдандыру, құнсыздану шығысы, өндіруші бірлік, стратиграфи

Аннотация. В соответствии с принципами бухгалтерского учета, общепринятыми в американский - GAAP участвует в учете операций недропользования газа, нефти компаниями апстрим (разведка и добыча запасов) операций и для редких случаев даунстрим (перевозочных) операций. На этом этапе все затраты могут учитываться двумя методами:

1. методом результативных затрат;
2. методом полных затрат.

Ключевые слова: апстрима, даунстрима, лицензия, недоказанные запасы, доказанные запасы, право на запасы, капитализируются, возмещаемой суммой, генерирующая единица, стратиграфи.

Annotation. In accordance with the principles of record keeping, generally accepted in American - GAAP participates in the account of operations of gas subsurface use, oils by the companies of upstream (secret service and booty of supplies) operations and for the rare cases of downstream (vehicular) operations. On this stage all expenses can be taken into account by two methods:

1. by the method of effective expenses;
2. by the method of complete expenses.

Keywords: upstream, downstream, licenses, дәлелбеген reserves, proved reserves, and reserves the right to capitalization, depreciation costs, impairment charge, production units, stratigraphy.

Аталған ХҚЕС (IFRS) минералдық ресурстарды оның ішінде минаралдар, мұнай мен сол секілді қалпына келмейтін қорларды іздеу, сонымен қатар минералдық ресурстарды өңдеу туралы шешімді қабылдау алдында минералдық ресурстарды өңдеудің техникалық жүзеге асырылуын бағалау мен рентабельділігін анықтау, өңдеу мен бағалауды есепке алу үшін қолданылу қажет.

Бұл стандарт жер қойнауын пайдаланушылардың ішінен жер қойнауын зерттеумен айналысатындары үшін қолданылады. Өндіру секілді операциялар бұл стандартпен қарастырылмайды. Жер қойнауын пайдалану операцияларының есебі туралы қосымша ақпаратты GAAP - американдық жалпықабылданған бухгалтерлік есептің принциптерінен табуға болады. Әдетте мұнайгаз компаниялары апстрим (қорларды барлау және өндіру) операцияларына және сирек жағдайларды даунстрим (тасымалдау және өткізу) операцияларына қатысады. Жер қойнауын пайдалану операцияларының есебін жүргізу барысында ең алдымен операциялардың экономикалық мәнін түсіну қажет, басқа сөзбен айтқанда, құрамы түріне қарағанда артықшылыққа ие болуы қажет. Жер қойнауын пайдалану операцияларының есебін қарастырайық.

Мұнайгаз апстримі келесі кезендерден тұрады:

- 1) лицензиялауға дейінгі барлау жұмыстарын жүргізу;
- 2) пайдалы қазбаларды өңдеу құқықтарын алу және келісім-шарттар жасасу;
- 3) барлау жұмыстары;
- 4) қорларды және оларды игеру шығындарын бағалау;
- 5) кен орнын игеру;
- 6) қорларды өндіру;
- 7) өнеркәсіпті жабу.

Лицензиялауға дейінгі барлау жұмыстарының жүргізілуі көпеген бағдар бойынша жүргізіледі, олар бойынша шығыстар әртүрлі сипатқа ие болады. Мысалы, әкімшілік

шығыстар, алдын-ала барлау бойынша шығыстар, зерттеу және техникалық ақпаратты талдау шығыстары және т.б.

Лицензиялауға дейінгі жұмыстар барлық жағдайда барлау немесе өңдеу кезеңі шығыстарына апарылмайды.

Бұл кезеңде барлық шығыстар екі әдіспен есептеледі:

- 1) нәтижеге бағытталған шығыстар әдісі;
- 2) толық шығыстар әдісімен.

Нәтижеге бағытталған шығыстар әдісінің негізінде лицензиялау жұмыстарына дейінгі шығыстар жер қойнауын пайдаланудың нәтижелілігінің жоғары үлесі жағдайында ғана капиталдандырылады. Нәтижелілік үлесінің төмен болуы (50%-дан кем) бұл кезең шығыстарын ағымдағы кезең шығыстарына қатарына жатқызалуын әкеледі.

Толық шығыстар әдісі қолданылғанда лицензияға дейінгі жұмыстар деңгейіндегі барлық шығыстар капиталдандырылады.

Шығыстарды есептеуді мысал жүзінде қарастырайық.

Мысал. «А»компаниясы барлау жұмыстарына келісім-шарт жасады. 2010 жылы компания нәтижелілік деңгейі 40% құраған лицензиялауға дейінгі кезеңде 26 млн теңге сомасына шығын шекті.

Компания толық шығыстар әдісін қолданған жағдайда 26 млн сомасындағы барлық шығыстар капиталдандырылып 2610 «Барлау және бағалау активтері» шотының дебетінде көрініс табады.

Егер компания нәтижеге бағытталған шығыстар әдісін қолданса, онда барлық шығыстар 7210 «Әкімшілік шығыстар» шотының дебетінде көрініс табады.

Шығыстардың біріншіден маңызы, екіншіден нәтиже ретінде жаңа қорлардың анықталуына әкелуіге қажеттілігі себебінен шығыстарды капиталдандыру немесе шығару шешімін қабылдау қаржылық есеп үшін оңайға соқпайды. Бұл кезеңде жер қойнауын пайдалану жөніндегі келісім-шарт орындалғаннан кейін күтілетін болашақ экономикалық табыстарға қатысты анықтылықсыздық деңгейінің жоғары екенін ескеру қажет. Бұл кезең барысында активтердің құнын негізсіз шектен тыс жоғарлатуды болдырмас үшін шығыстарды капитализациялау мәселесіне ерекше сақтық таныту қажет.

Пайдалы қазбаларды өңдеу құқықтарын алу және келісім-шарттар жасасу немесе басқа жолмен өңдеу мақсатындағы капиталдандырылған шығыстар пайда болу кезеңінде есептелуі қажет. Пайдалы қазбаларды өңдеу құқықтары келісім-шарттық территорияда пайдалы қазбалардың жоқтығы анықталып, мұнайды барлау мен өндіру шешімінен бас тартылған жағдайларға дейін актив ретінде қарастырылады.

Мысал. Жер қойнауын пайдаланушы компания жер қойнауын пайдалану лицензиясына құқықты алу барысында 270 млн тг. сомасындағы шығыстар шекті. Бір айдан соң кен орнының тиімсіз болып танылғаны анықталды. Лицензияны алу шығыстарын шегу сәтінде барлық шығыстар 2730 «Өзге материалдық емес активтер» шотында капиталдандырылады. Кен орнының шығындылығын анықтауда шығыстар ағымдық кезең шығыстарына жатқызылады:

Дебет 7410 Кредит 2730 270 млн теңге.

Есептен шығарудан кейін бұл кен орнының тиімділігі туралы дәлелдер алынса, онда мұндай дәлелдерді алғаннан кейін есептен шығарылған капиталдандырылған шығыстарды қалпына келтіру қажет. Пайдалы қазбаларды өңдеу құқығын қалпына келтірудің бухгалтерлік жазбасы төмендегідей болады:

- 1) есептен шығару шығыстары өткен есеп бру кезеңінде танылса:

Дебет 2730 Өзге материалдық емес активтер (лицензиялық келісімдер) 270 млн теңге

Кредит 5520 Бөлінбеген пайда (жабылмаған зиян) 270 млн теңге

алдыңғы жылдары 270 млн теңге;

- 2) есептен шығару шығыстары ағымдық есеп бру кезеңінде танылса:

Дебет 2730 Өзге материалдық емес активтер (лицензиялық келісімдер) 270 млн теңге

Кредит 7410 Активтерді қатардан шығару жөніндегі шығыстар 270 млн теңге

Қорларға деген құқық Қазақстан Республикасының аумағында немесе одан тыс жердегі бөтен жер қойнауын пайдаланушыдан белгіленген тәртіпте құқықтың үлесін сатып алу шығындарын білдіреді. Бірақ оған мұнай және газды сатып алумен байланысты келісім мен келісім-шарттар шығындары кірмейді. Мұндай шығындар пропорционалды негізде келісім-шарттарға үйлестіріледі.

Мысал. Жер қойнауын пайдаланушы компания «А» келісімшарты бойынша қорларға құқықты алу үшін 840 млн тг сомасына шығын шекті. Шығындар құрамына үш келісім-шартпен байланысты 360 млн тг сомасындағы жалпы шығыстар кіреді. Қорларды алдын ала бағалау кезінде «А» келісімшарты бойынша қорлар сомасы 30 000 млн тг бағаланды, «Б» келісім-шарты бойынша – 45 000 млн тг ал «С» келісім-шарты бойынша – 25 000 млн тг бағаланды.

Шығындар келесідей үйлестіріледі:

«А» келісім-шарты – 588 млн тг $((840 \text{ млн} - 360 \text{ млн}) + 30\,000 \text{ млн} : (30\,000 \text{ млн} + 25\,000 \text{ млн} + 45\,000 \text{ млн})) \times 360 \text{ млн}$);

«Б» келісім-шарты – 162 млн тг $(45\,000 \text{ млн} : (30\,000 \text{ млн} + 25\,000 \text{ млн} + 45\,000 \text{ млн})) \times 360 \text{ млн}$);

«С» келісім-шарты – 90 млн тг $(25\,000 \text{ млн} : (30\,000 \text{ млн} + 25\,000 \text{ млн} + 45\,000 \text{ млн})) \times 360 \text{ млн}$);

840 млн теңге (588 млн + 162 млн + 90 млн) барлығы үш келісім-шарт бойынша үлестірілген. Барлық шығындар әр келісім-шарт бойынша материалдық емес активтер құрамында бөлек бөлек есептелінеді.

Есеп тәртібін анықтау мақсатында қорларға деген құқық келесідей бөлінеді:

- дәлелбеген қорлар үшін құқық – сатып алу сәтінде коммерциялық анықтама бекітілмеген, келісім-шарттық территорияда пайдалы қазбаларды барлау және өндіру жұмыстар жүргізу құқығы;

- дәлелденген қорлар үшін құқық – сатып алу сәтінде коммерциялық анықтама бекітілген, келісім-шарттық территорияда пайдалы қазбаларды сонымен қатар өндеуге А мен В және С1 категориялы қорларды қоса барлау және өндіру жұмыстар жүргізу құқығы.

Дәлелденген қорларға құқықты алудың капиталдандырылған шығындары, егер бұл қорларды коммерциялық анықтама қатарына жатқызуға болатын болса, өндірістік әдіспен амортизацияланады. Амортизациялық есептеулер мұнайды өндіру сәтінен басталады. Амортизацияның нормасы сатып алынған құқық құнының дәлелденген қорлар көлеміне қатынасы ретінде, ал амортизациялық шегерімдердің сомасы – амортизация нормасының есепті кезеңдегі өндіріс көлемімен көбейтіндісі ретінде анықталады.

Мысал. Дәлелденген қорлар үшін құқықты сатып алу шығындары 5 000 000 теңгені құрады. Дәлелденген мұнай қоры 1 00 000 тоннаны құрады. Есепті жылы 10 000 тонна өндірілді.

Құнды есептеудің өндірістік қолдана отырып, 1 тонна үшін 50 теңгені $(5\,000\,000 : 100\,000)$ құрайтын амортизация сомасын анықтаймыз.

Есепті жылы амортизациялық шегерімдер сомасы 500 000 теңгені $(50 \times 10\,000)$ құрады.

Келесі жылы бұрғылау және экономикалық факторлардың өзгерісі нәтижесінде дәлелденген қорлардың 20 000 тоннаға ұлғаюы туралы ақпарат алынды.

Келесі жыл ішінде өндіру 10 000 тоннаны құрады.

Амортизациялау нормасын 1 тоннаға 41 теңге $(5\,000\,000 - 500\,000) : 100\,000 - 10\,000 + 20\,000$ сомасына анықтаймыз.

Келесі жылы амортизациялық шегерімдер сомасы 410 000 теңгені $(41 \times 10\,000)$ құрайды.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес мердігердің келісім-шарттық құқықтар мен міндеттемелерді беру барысында қорлардың көлемін бағалау туралы мәліметтің болмауы

жағдайында, бұл құқықтың құны мен оны сатып алу мерзіміне сүйене отырып түзу сызықты әдісті қолдануға болады.

Жұмыстардың жүргізілуі басталмаған келісім-шарттық территориясымен және оған деген құқықтың сақталуымен (салықтар, сот шегерімдері және т.с.с.) байланысты шығыстар пайда болу сәтінде танылады.

Дәлелденбеген қорлар үшін құқықтар кезең сайын қайта бағаланады. Бағалау қажеттілігі құқықтың ағымдық құнының сатып алу құнынан кем болуымен байланысты туындайды. Келісім-шарттық территорияда бұрғы ұңғымасының өнім бермейтіндігі анықталып, мердігердің бұрғылауды жалғастыру туралы нақты жоспары болмаған жағдайда бағалау нәтижелері құнның азаюын көрсетеді. Қорларға деген құқық құнының жартылай немесе толық азаюының ықтималдылығы келісім-шарттық территорияда бұрғылау жұмыстарының басталмай, лицензия мерзімінің аяқталуына байланысты жоғарылайды. Мұндай шығыстар алғашқы және сату құндарының ең төмені бойынша бағалануы тиіс және бұл жағдайда бағалау 36 «Активтердің құнсыздануы» (IAS) ХҚЕС-ке сәйкес жүргізіледі. Сатып өткізудің таза құны – сатып өткізу шегерімдері алынып тасталған активтің таза құны. Басқа сөзбен айтқанда бұл жеткілікті түрде мәліметтері бар, мәміле жасасуға дайын бір-бірінен тәуелсіз тараптар арасындағы активті немесе өндіруші бірлікті сату мәмілесін жасасу нәтижесінде алатын сомамыз.

Мысал. Жер қойнауын пайдаланушы компания 2730 «Өзге материалдық емес активтер (лицензиялық келісімдер)» шотында есептелетін 950 млн теңге сомасындағы дәлелденбеген қорлар құқығына ие. Есептің жылдың соңында қорлардың болжамдық сомасы 800 млн теңгені, ал сату шығындары – 100 млн теңгені құрады. Сатып өткізудің таза сомасы 700 млн (800 млн - 100 млн) теңгені құрады. Жер қойнауын пайдаланушы 250 млн (950 млн - 700 млн) теңге сомасын құрайтын құнсыздану бойынша шығыстарды таниды.

Бұл құнсыздану келесідей жазбамен белгіленеді:

Дебет 7410 Активтерді қатардан шығару жөніндегі шығыстар 250 млн теңге

Кредит 2730 Өзге материалдық емес активтер (лицензиялық келісімдер) 250 млн теңге.

Құнсыздану шығысы – активтің баланстық құны немесе өндіруші бірлігінің оның қалпына келу сомасынан артық болатын сомасы.

Активтің қалпына келу сомасы немесе өндіруші бірлігі болып сатып алу шығыстары алынып тасталған әділ құны немесе пайдалану құндылығы шамаларының үлкені.

Өндіруші бірлік – басқа активтердің немесе актив топтарының ақша ағымдарынан тәуелсіз ақша қаражаттарының келіп түсуін қамтамасыз ететін ең аз идентификацияланатын активтердің тобы

Активтердің әділ құнын бағалауға мүмкіндік болмаған жағдайда, активтің қатысы бар өндіруші бірлігі бағаланады.

Мысал. Компания құнына қарастырылатын материалдық емес актив кіретін активті бағалануды. Компания материалдық емес активтің әділ құнын сенімді түрде бағалай алмайды. Бірақ материалдық емес актив экономикалық пайда күтілетін жобасына кіреді «А». Бұл жағдайда барлық «А» жобасының әділ құны бағаланады.

Бағалау актив құнының кемуін көрсетсе, құнсыздану бойынша шығыс танылады.

Активтің құнсыздануын тану тәртібі:

- орын толтыру сомасы активтің баланстық құнынан кем болса, онда оның баланстық құны орын толтыру сомасына дейін кемиді;
- құнсыздану шығысы сол сәттен-ақ есеп беру кезеңінің пайда мен залал туралы есептілігінде шығын ретінде көрсетіледі (16 ХҚЕС (IAS) «Негізгі құралдар» бойынша альтернативті тәртіппен активтердің қайта бағалануын қоспағанда);
- құнсыздану шығысы активтің баланстық құнынан артық болса, компания баланстық құнды 0-ге дейін шығарады. Міндеттемелерді тану басқа стандарттардың тікелей нұсқауы жағдайында ғана жүзеге асырылады;

- бұл активтке есептелінетін амортизацияның болашақ абсолютті сомалары, құнсыздануға пропорционалды түрде кемиді;
- қажет болған жағдайда 12 ХҚЕС (IAS) «Пайдаға салынатын салықтар» сәйкес активтке қатысты кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері жасалынады.

Барлау минералды ресурстар қорын қамтуы мүмкін келісімшарттық аумақты зерттеу мен анықтауды ұйғарады. Барлау шығыстарын (затраты) қорға тиісті құқықтарын иеленуге дейін де, иеленгеннен кейін де көтереді. (мысалы, геологиялық ақпаратты сатып алу).

Барлау шығыстарына жатқызылады:

1) барлау жұмыстарын жүргізу барысында қолданылатын негізгі құралдардың амортизациясы, топографиялық, геологиялық және геофизикалық зерттеулер үшін шығындар, зерттеу жұмыстарын жүргізетін геологтарға, геологиялық топтар мен басқа да тұлғаларға еңбекақы төлеу, жүк көлігі мен қызметкерлерді жұмыс орнына және кері қарай тасымалдау шығыстары, құрылыс пен уақытша ғимараттарды салу, тақырыптық, ғылыми жөндеу жұмыстарын өтеу және басқалары.

2) мұнай өндіру үшін қолданылмайтын мақсаттағы және сынақ жүргізбей-ақ қолданылатын ұңғымаларды бұрғылау шығындары:

- тірек-қызмет етуші – мұнай-газдарды жинақтау үшін қолайлы аймақтық және стратиграфиялық түзілімдерін үлестірудің жалпы заңдылықтарын анықтау, аз зерттелген ірі өңірлердің терең құрылыстарының негізгі белгілерін зерттеу үшін;
- параметрлік – петрофизикалық тәуелділік пен сейсмикалық барлау үшін параметрлерді орнату және өңірлік геология, мұнай-газдарды жинақтау (нефтегазонакопления) аймақтардың болуы мүмкін терең құрылыстарын зерттеу үшін;
- барлаулы-бұрғылау – өндіріліп жатқан кен орнында жаңа кендерін ашу және алаңда бұрғылауға дайындалған мұнай кенінің барын, я жоғын анықтау үшін;

-1, 2 тармақшаларында атап көрсетілген шығындар әдетте «геологиялық және физикалық шығындар» деп аталады. Мердігерлермен геологиялық және физикалық жұмысқа кеткен шығыстар әдетте шығындарға апарылады. Алайда геологиялық және физикалық шығындарға шығыстар есебінің тәртібі сатып алынған құқықтың түрінен тәуелді болады.

Егер құқық барлауды жүзеге асыру үшін ғана сатып алынса, онда кеткен шығыстар коммерциялық табылымды орнатылу мерзіміне дейін капиталдандырылады.

Шығыстардың капиталдандыруы геологиялық-барлаулық жұмыстарға құқықтың өзі болып материалдық емес актив ретінде немесе 2610 «Барлау және бағалау активтері» шотына жүргізіледі.

Халықаралық тәжірибеде барлау кезеңінде шығыстар екі әдіспен есптелуі мүмкін:

1) толық шығыстар әдісімен

2) нәтижелі шығыстар әдісімен

ХҚЕС талаптарына сәйкес табыс пен шығындарды тану қағидаларын қолдансақ, онда артықшылықтарды нәтижелі шығыстар әдісіне беру қажет. Жер қойнауын пайдаланушы дербес өзі септік саясаттағы капиталдандыру сұрақтарын қарастырады. Барлау кезеңіндегі барлық шығыстар 4 санатқа (категория) бөлінеді:

- 1) негізгі құралдар;
- 2) материалдық емес активтер;
- 3) ұзақ мерзімді капиталдандыратын барлау активтері;
- 4) ағымдағы кезең шығындары.

Қорыта келе жер қойнауын пайдаланушы толық шығыстар әдісін қолданатын болса, ағымдағы кезең шығындары осы кезеңде танылмайды. Бұл жағдайда жер қойнауын пайдаланушы ұйымның активтері тым артуына тәуекелдік бар болуы мүмкін. Сондықтан, 36 (IAS) «Активтердің құнсыздануы» ХҚЕС талаптарымен сәйкес әрбір кезеңнің соңында барлық активтерді құнсыздануына тестілеу қажет.

Егер лицензияның жарамдылық мерзімі аяқталу мерзіміне барлау нәтижесінде коммерциялық табылым ашылмасы, онда бұрында барлық капиталдандырылған шығындар

кезең шығындары болып танылады. Егер осындай табылым орнатылса және мердігер осы келісімшарттық аймақта мұнай шығару бойынша жұмыстарды жүргізуге ниеттері болмаса, онда қолданыстағы заңнамаға және келісімшарт жағдайларына сәйкес капиталдандыратын шығыстар орнын толтыруға ұсынылуы тиіс. Барлау бойынша шығынның орнын толтыру кезінде шығынның орын толтырудан табыс немесе залал танылады.

Әдебиеттер:

1. 6 ХҚЕС (IFRS) «Минералдық ресурстарды барлау мен бағалау»
2. 12 ХҚЕС (IAS) «Пайдаға салынатын салықтар»
3. 36 ХҚЕС (IAS) «Активтердің құнсыздануы» ХҚЕС

ПОДХОД К ПРОВЕДЕНИЮ ПРАКТИЧЕСКИХ ЗАНЯТИЙ ПО БУХГАЛТЕРСКОМУ УЧЕТУ И ДУАЛЬНАЯ СИСТЕМА В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ

Отелбай Ш.К.

*старший преподаватель кафедры "Бухгалтерский учет, аудит и оценка"
АО Университет НАРХОЗ
г. Алматы, Республика Казахстан
sholpan.otelbai@narhoz.kz*

Аннотация. В статье рассмотрены вопросы взаимодействия учебных организаций с работодателями, преимущества дуального образования и шаги ведущие к улучшению образовательных услуг. Одним из направлений дуального образования в сфере учета является взаимодействие кафедры с предприятиями партнерами и использование благодаря этому сотрудничеству всех нововведений в области учета и аудита.

Аңдатпа. Мақалада оқу орындары мен жұмыс берушінің өзара әрекеттестігі, қосарлы білім берудің артықшылығы және білім саласындағы қызметті жақсартудың жолдары қарастырылған. Есеп саласындағы қосарлы білім берудің бір бағыты - кафедра мен серіктес кәсіпорындардың өзара әрекеттестігі, осы ынтымақтастықтың арқасында есеп және аудит саласында барлық жаңалықтарды пайдалану.

Annotation. In the article are considered issues such as cooperation of education institutions with employers, advantages of dual education and steps which lead to improvement of learning services. In the sphere of accounting one of the dual education's directions is cooperation of Chair with partner enterprises and as a result of this cooperation to use all innovation in the field of Accounting and Audit.

Дуальная система обучения предполагает тесное сотрудничество системы образования и предприятий. Такая система профессионального образования, получила мировое признание, это наиболее распространенная и признанная форма подготовки кадров, которая комбинирует теоретическое обучение в учебном заведении и производственное обучение на производственном предприятии.

Этот принцип обучения применялся еще в те времена, когда государство в его современном понимании еще не существовало. Тех, кто проходит обучение на предприятии, называют не студентами, а учениками. В сфере ремесленных профессий используется понятие «подмастерье». Мы хорошо помним из истории дуэт: мастер–подмастерье.

Изучение системы дуального образования показало, что на сегодняшний день оно самое эффективное в Германии. Уровень обучения в профшколах Германии вполне можно сравнить с Университетами других европейских стран, в стране даже обсуждается возможность приравнять сертификаты «Профтехобразования» с дипломами ВУЗов. Наблюдается интересный факт, что в профшколы приходят дети владельцев предприятий,